

Қазақстан Республикасының Каспий теңізі проблемалары жөніндегі Ұлттық Кеңесі туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 23 тамыз 1993 ж. N 725

Мемлекеттік, қоғамдық және шет ел ұйымдарының қызметін үйлестіру және Каспий теңізі атырабындағы биоресурстарды сақтау мен пайдалануға бағытталған шаралардың орындалуын бақылау, ықтимал экологиялық апатты болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Каспий теңізі проблемалары жөніндегі Ұлттық Кеңесі құрылсын.

2. Ұлттық Кеңес бір ай мерзім ішінде Каспий теңізі проблемалары жөніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық Кеңесі туралы ереженің жобасын әзірлеп, оны Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне енгізсін.

3. Каспий теңізі проблемалары жөніндегі ғылыми зерттеулерді үйлестіру және оларға талдау жасау үшін Қазақстан Республикасының Ғылыми және жаңа технология министрлігі жанынан Атырау және Ақтау қалаларында филиалдары бар Ғылыми-талдау орталығы ("Каспий" ФТО) құрылсын.

Қазақстан Республикасының Ғылыми және жаңа технология министрлігі екі апталық мерзімде Каспий теңізі проблемалары жөніндегі Ғылыми-талдау орталығы және оның филиалдары туралы ережені әзірlep, ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмысқа арналып, республикалық бюджетте көзделген қаржы есебінен

қажетті қаражат бөлінуін көздейтін болсын.

(4-тармақ)

<*>

Ескерту. 4-тармақ күшін жойды - ҚРМК-нің 1994 ж. 22 желтоқсан

N 1436 қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1993 жылғы 8 сәуірдегі N 131 өкімінің 1-тармағы күшін жойған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 23 тамыздағы

N 725 қаулысына

Қосымша

Қазақстан Республикасының Каспий теңізі

проблемалары жөніндегі Ұлттық Кеңесінің

Құрамы

Әбілсейітов Ф.А. - Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің

орынбасары, Ғылым және жаңа технология

министрі (Кеңес төрағасы)

Бижанов Н.К. - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар

жөніндегі мемлекеттік комиссиясы Төрағасының

орынбасары (Кеңес төрағасының орынбасары)

Қыпшақбаев Н.К. - Қазақстан Республикасы Су ресурстары

жөніндегі мемлекеттік комитетінің Төрағасы

(Кеңес төрағасының орынбасары)

Сұлташев Н.О. - Қазақстан Республикасының Президенті мен

Министрлер Кабинеті Аппараты ТМД істері

жөніндегі бөлімінің сарапшысы (Кеңестің

хатшысы)

Кеңес мүшелері:

Бекбосынов Н.Ә. - Қазақстан Республикасы Энергетика және отын

ресурстары министрінің бірінші орынбасары

Дүйсенов С.Т. - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті

жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас

басқарма бастығы

Дүйсенбаев Б.Ж. - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер

министрлігі Экономикалық қатынастар

басқармасының бастығы

Жәркенов М.Е. - Қазақстан Республикасы Экология және

биоресурстар министрінің бірінші орынбасары

Қасымов Ә.Х. - Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері Бас

штабының бастығы - Қазақстан Республикасы

Корғаныс министрінің бірінші орынбасары

Коваленко П.Д. - Қазақстан Республикасы Қолік министрлігінің

Респубикалық өзен және теңіз флоты

бірлестігі бастығының бірінші орынбасары

Қыпшақбаев А.И. - Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа

технология министрінің орынбасары
Мәденов М.Д. - "Қазсушаржоба институты" жалгерлік кәсіпорнының
директоры

Мұқитанов К. - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым
академиясы География институтының директоры

Озолинг Э.И. - Қазақстан Республикасы Сәулет және құрылыш
жөніндегі мемлекеттік комитеті Төрағасының
орынбасары

Пірімбетов С.Д. - Қазақстан Республикасының Президенті мен
Министрлер Кабинеті Аппараты ТМД істері
жөніндегі бөлімі меңгерушісінің орынбасары

Салықов К.С. - Қазақстан Республикасы Су ресурстары
жөніндегі мемлекеттік комитетінің Арал
өңірі проблемалары бөлімінің бастығы

Сәрсекенов Т.Б. - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы
министрлігі жаңындағы Балық шаруашылығы
жөніндегі комитетінің Төрағасы

Сыдықов Ж.С. - академик, Қазақстан Республикасы Ұлттық
академиясы Төралқасының мүшесі, Жер туралы
ғылым бөлімінің жетекшісі (келісуі бойынша)